

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің

Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Ч.Карабасова

«28» ____06____ 2024 ж.

БАКАЛАВРИАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2024 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («28» 06 2024 ж., хаттама №14)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде бакалавриат білім беру мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі. ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).

2.6 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. ҚР ҒЖБМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).

2.7 Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары. ҚР ОАМ 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 мен ҚР ҒЖБМ 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 бірлескен бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).

2.8 Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары. ҚР ҒЖБМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен).

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

3.2 Академиялық кезең (Term) (терм) – семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі.

3.3 Академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

3.4 Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

3.5 Академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең (ӘАОО-да 1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең), академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

3.6 Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

3.7 Белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).

3.8 Білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті.

3.9 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

3.10 Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

3.11 Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады.

3.12 Екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.

3.13 Жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

3.14 Кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады).

3.15 Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

3.16 Модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері.

3.17 Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

3.18 Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

3.19 Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

3.20 Оқу пәніне жазу (Enrollment) - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

3.21 Оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

3.22 Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді.

3.23 Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу

аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

3.24 Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

3.25 Транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

3.26 Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

3.27 Элективті пәндер - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

3.28 Дипломдық жоба - жобалық тәсілдерді қолдана отырып немесе бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешу болып табылатын студенттің бітіру жұмысы.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы ереже бакалавриат бойынша білім мазмұнына «бакалавр» дәрежесі берілетін мамандарды даярлауға бағытталған жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламасына қойылатын талаптарды белгілейді.

4.2 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар талапкерлер қабылданады.

4.3 Орта білім, техникалық және кәсіптік білім, жоғары білім ұйымдарының түлектеріне кадрлар даярлаудың туыстық бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімдері қарастырылады.

4.4 Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасы шеңберінде университет Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген модульдік білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

4.5 Жоғары білім берудің барлық деңгейі бойынша білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студенттер алған білім, білік, дағдылары мен құзыреттерінің деңгейі мен көлемінің сипаттамасы болып табылатын Дублиндік дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, қалыптастырылған құзыреттерге, сондай-ақ ECTS кредиттік (кредиттік) бірліктерінің жалпы санына негізделеді.

5 БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Білім беру бағдарламаларының құрылымы білім беру мазмұнын анықтайтын оқу жұмысының әртүрлі түрлерінен қалыптасады және олардың арақатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

5.2 Білім беру бағдарламалары модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу туралы университетішілік Ережеге сәйкес бітіртуші кафедраларда әзірленеді.

5.3 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндер циклін, кәсіптік пәндер циклін оқытуды, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне және Ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестікке бағдарлана отырып, кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кәсіптік практикадан өтуді көздейді.

5.4 Білім беру бағдарламалары ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленеді.

5.5 Кредиттер білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерінің және/немесе модульдерінің (элементтерінің) көлемін көрсетеді. Жалпы еңбек сыйымдылығы ұғымына мыналар кіреді: дәріс, практикалық (семинар), зертханалық, студиялық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, курстық жұмыстар, Есептеу-графикалық жұмыстар (жобалар), кәсіби практиканың барлық түрлері, қорытынды аттестаттауға дайындық және өту.

5.6 Теориялық оқытудың жалпы еңбек сыйымдылығы оқытылатын оқу пәндерінің тізбесімен анықталады.

5.7 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі кредиттердің бүтін санын құрауы тиіс.

5.8 Студенттер әр оқу пәнін бір академиялық кезеңде игереді, оны аяқтағаннан кейін сараланған сынақтан өтетін кәсіби практиканың, курстық жұмыстардың (жобалардың) барлық түрлерін қоспағанда, емтихан нысанында қорытынды бақылауды тапсырады.

5.9 Оқу жоспарларының барлық нысандарында оқу жоспарының әрбір пәніне әріптік және цифрлық өрнек таңбаларында тиісті код беруді көздейтін пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі пайдаланылады.

5.10 Білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖББП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және кәсіптік пәндер (бұдан әрі-ЖБ).

5.11 ЖББП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), ЖОО компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және КП циклдары ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

5.12 ЖК және ТК университетпен дербес анықталады және еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушының жеке мүдделерін ескереді.

5.13 ЖББП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 51 академиялық кредит міндетті компонент: Қазақстан тарихы, Философия, қазақ (орыс) тілі, шет тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), дене шынықтыру, әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология) пәндеріне бөлінеді. Бұл ретте барлық мамандықтардың және (немесе) бакалавриат деңгейінде кадрлар даярлау бағытының білім алушылары "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды аяқтағаннан кейін, сол академиялық кезеңде тапсырады.

5.14 ЖББП циклінің ЖК және (немесе) ТК пәндері білім алушылардың экономика және құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

5.15 БП және КП циклінің оқу пәндерін оқытуды, кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және кемінде 176 академиялық кредитті құрайды.

5.16 Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды.

5.17 Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Оқу жоспарлары модульдік оқу жоспарына (МОЖ), жеке оқу жоспары (ЖОЖ) және оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) бөлінеді.

5.18 МОЖ-да міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің және кредиттердегі оқу қызметінің әрбір түрінің (практика, мемлекеттік емтихандар, диплом жұмысын (жобаны) жазу және қорғау) еңбек сыйымдылығы айқындалады, ал оқу пәндерінің әрбір циклі бойынша Таңдау компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

5.19 Жыл сайын бітіруші кафедралар элективті пәндер каталогын (ЭПК) әзірлейді, ол таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі болып табылады.

5.20 ЭПК әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетеді. ЭПК студенттерге элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

5.21 МОЖ және ЭПК негізінде әрбір ББ бойынша студент ЖОЖ құрайды. ЖОЖ әр студенттің жеке білім беру траекториясын анықтайды.

5.22 Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды (Enrollment) Тіркеуші офисі ұйымдастырады. Бұл ретте студенттермен ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізу үшін **эдвайзерлер** тартылады.

5.23 Білім алушы ЖОО компоненті мен таңдау компоненті шеңберінде оқытудың жеке траекториясын айқындау кезінде: негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді; қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды.

5.24 Оқу пәндеріне жазылу барысында білім алушылар өздерінің ЖОЖ қалыптастырады. Бұл ретте олар:

1) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен танысады;

2) оқу пәндеріне тіркеудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтайды;

3) игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

5.25 Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖБ) білім беру бағдарламаларының модульдік оқу жоспарлары (МОЖ), студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде әзірленеді, модульдік қағидалары бойынша жасалады және факультет Кеңесінде бекітіледі.

5.26 Оқу жұмыс жоспарында міндетті компоненттің, ЖОО компонентінің және таңдау компонентінің оқу пәндерінің тізбесі, кредиттер мен сағаттардағы әрбір оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы, бақылау нысандары.

5.27 Оқу жұмыс жоспары әртүрлі нысандағы сабақтарды (дәрістер, семинарлар және т.б.) біріктіретін модульдерден тұрады және міндетті компоненттің барлық оқу пәндерін, таңдау пәндерін (элективті) қамтиды.

5.28 ОЖЖ, ЖОЖ және ЭПК-н әзірлеу мен бекітудің нысанын, құрылымын, тәртібін жоғары оқу орны дербес айқындайды.

5.29 Барлық оқу пәндерінің мазмұнын оқу бағдарламалары, сондай-ақ силлабустар анықтайды.

5.30 Силлабустар (студенттерге арналған пәндер бағдарламалары) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша әзірленеді және бекітіледі.

5.31 Негізгі («Major») және қосымша («Minor») бағдарламалары бар білім беру бағдарламасы өңірлік еңбек нарығының қажеттілігіне және жоғары білікті кадрлардың сұранысына сәйкес құрылады.

5.32 Қосымша ББ («Minor») бойынша білім беру бағдарламасы негізгі ББ («Major») үшін бейінді емес болып табылатын өзара байланысты пәндерден қалыптастырылады.

5.33 «Minor» бағдарламасы бойынша пәндерді оқуға бөлінетін кредиттердің жалпы көлемі, «Major» бағдарламаның жалпы көлемінен (240 кредит) 25-30 кредитті құрауы тиіс.

Модульдік білім беру бағдарламасын жасақтау туралы ереже
<http://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/27-ru.pdf>

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ МАКСИМАЛДЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Студенттің оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әрбір оқу пәні немесе оқу жұмысының түрі бойынша меңгерген кредиттерімен өлшенеді.

6.2 Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі әдетте кемінде 60 академиялық кредитті немесе кемінде 1800 академиялық сағатты құрайды.

6.3 Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушының бүкіл оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

6.4 Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық кредиттермен жүзеге асырылады. Бұл ретте аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген норма негізінде есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген «ПОҚ педагогикалық жүктеме уақытының нормалары туралы ереже» негізінде есептеледі.

6.5 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.6 Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек көлемі (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

6.7 Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа (ОБӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмыс (ОБӨЖ - БӨЖ). БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

6.8 Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау бірыңғай кредиттер көлемімен жүзеге асырылады, яғни әр пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқытудан, сондай-ақ осы пән бойынша дайындықтан және аралық аттестаттау нысанынан өтуден құралады.

6.9 Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

Модульдік білім беру бағдарламасын жасақтау туралы ереже
<http://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/27-ru.pdf>

7. КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІ

7.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

7.2 Академиялық күнтізбеде оқу жылындағы оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) көрсетіледі.

7.3 Академиялық кезең 15 аптаға созылатын семестрді білдіреді.

7.4 Демалыс оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі, бітіру курсы қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

7.5 Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

7.6 Аралық аттестаттау кезеңінде барлық зерттелген пәндер бойынша қорытынды бақылау жүргізіледі және ағымдағы үлгерім бағалары ескеріле отырып (ағымдағы және аралық бақылаулар нәтижелері бойынша

бағалардың арифметикалық орташа мәні) пәндер бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

7.7 Пән бойынша қорытынды баға рейтинг және қорытынды бақылауды бағалауды қамтиды. Ағымдағы үлгерімді бақылауды (жіберу рейтингі) бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 60% құрайды, ал емтиханды бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 40% құрайды.

7.8 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "А"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" – "FX", "F") балдармен бағаланады.

7.9 "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушының ЖЖОКБҰ-ның академиялық күнтізбесіне сәйкес пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ бір реттен артық емес қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырады.

7.10 Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

7.11 Жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, курсқа емтихан сессияларының қорытындылары бойынша тіркеуші офісі ауысу балын білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде есептейді.

7.12 Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының қорытындылары негізінде студенттерді курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады.

7.13 Курстан курсқа көшірудің ең төменгі балл (GPA) межесі университеттің Академиялық Кеңесінде білім бағдарламалары деңгейлері және курстар бойынша қаралып, бекітіледі.

7.14 Курстан курсқа көшу балының ең төменгі деңгейін жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

7.15 Курстан курсқа көшу балын жинамаған студент қайта курсқа қалдырылады.

7.16 Кәсіптік практика білім алушылардың оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады және жоғары оқу орнында оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді игеруге, сондай-ақ озық тәжірибені игеруге бағытталған.

7.17 Кәсіптік практикалар білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізіледі. Сонымен қатар кәсіби тәжірибенің әр түрі әртүрлі модульдерге жатады.

7.18 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

7.19 ЖОО әзірлейтін бағдарламаның мазмұны және кәсіптік практика базасы ББ бейініне сәйкес болуы тиіс.

7.20 Оқу процесінде студенттер академиялық күнтізбеге сәйкес әртүрлі кәсіби тәжірибелерден өтеді: оқу, педагогикалық, өндірістік.

7.21 Кәсіптік практиканың ұзақтығы 30 сағатқа (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) тең, соған сәйкес күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы аптадағы жұмыс күндері бойынша айқындалады.

7.22 Дуальды оқыту элементтерін енгізе отырып оқу процесін ұйымдастыру үшін кафедралардың филиалдары және өндірістік практикадан өту туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

7.23 Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу кезінде студенттердің өндірістік практикасы одан әрі жұмысқа орналасу мақсатында кәсіпорынның (ұйымның) қалауы бойынша жалақымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

7.24 Дуальды оқыту элементтерін енгізудің мақсаты білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес кәсіптік оқытудың негізгі бағдарламаларын сапалы меңгеруі, сондай-ақ олардың кәсіптік салада жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруі болып табылады.

7.25 Дуальды оқыту элементтерін енгізу кезінде оқу процесі университеттегі теориялық сабақтарды қамтиды, ал зертханалық, практикалық сабақтар, кәсіптік практика, курстық және дипломдық жобалау өндірісте, тиісті бейіндегі ұйымдарда және кафедралардың филиалдарында жүзеге асырылады.

7.26 Университет теориялық оқытуды өндірістегі практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте пәннің оқу материалының 40% - на дейін көздеп, тікелей өндірісте игеру қажет.

7.27 Өндірісте оқыту және кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың және кафедра филиалын ұйымдастыру туралы шарттың талаптары қолданылады.

7.28 Университетте бакалавриат студенттеріне арналған көптілді білім беру бағдарламасы енгізілді.

7.29 Көптілді білім беру бағдарламасы үш тілде: оқыту тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде білім беру қызметін жоспарлауды және

ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте оқу пәндерінің 50% – обучения оқыту тілінде (мемлекеттік немесе орыс), 20% - екінші тілде (тіісінше орыс немесе мемлекеттік) және 30% - ағылшын тілінде оқыту көзделеді.

7.30 Білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі студенттердің теориялық оқу курсы мен кәсіби практиканың қажетті көлемін игеруі болып табылады.

7.31 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған студентке аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесі беріледі. Дипломға қосымшасында (транскриптте) академиялық кредиттер мен сағаттарының көлемін көрсете отырып, барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік - зерттеу жұмыстары, кәсіптік практика түрлері бойынша соңғы бағалар және қорытынды аттестаттау бағасы көрсетіледі.

7.32 Білім беру бағдарламасы бойынша барлық оқу кезеңінде (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда) А, А- "өте жақсы", В-, В, В+, С+ "жақсы" баға алған және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихандарды А, А- "өте жақсыға" тапсырған немесе дипломдық жобаны А, А- "өте жақсыға" қорғаған студентке үздік диплом беріледі.

7.33 Оқу кезеңінде емтихандарды қайта тапсырған немесе курсты қайта оқыған студентке үздік диплом берілмейді.

7.34 Университет Еуропалық үлгідегі диплом қосымшаны (Diploma Supplement) студент өтініші бойынша береді.

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

8.1 Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы ынтымақтастық туралы жоғары оқу орындары арасындағы шарттар мен меморандумдар шеңберінде жүзеге асырылады

8.2 Ішкі академиялық ұтқырлықты іске асыру үшін "ұтқырлық терезелерінде" уақыт шеңбері айқындалады, іске асыру мерзімі, әдетте, семестрді немесе жылдықұрайды. Білім алушының жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) серіктес ЖОО-да оқу үшін таңдалған пәндердің тізбесі, кредиттер саны және практиканың түрлерінен өту көрсетіледі.

8.3 Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу тәртібі мен шарттары әріптес жоғары оқу орындары арасындағы нақты шарттардың, келісімдердің мәні болып табылады. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін білім алушыларды іріктеу критерийлері қабылдаушы ЖОО/серіктес ұйымның талаптарын ескере отырып айқындалады және білім алушыларға университет сайтындағы хабарландырулар және факультет үйлестірушілері арқылы жеткізіледі.

8.4 Ішкі академиялық ұтқырлық бакалавриаттың білім алушылары үшін бірінші және бітіруші курстарда жүзеге асырылмайды. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушыларды іріктеу серіктес жоғары оқу

орындарымен жасалған келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы университет Басқарма Төрағасы-Ректорының белгілі бір мерзімге оқуға жіберу туралы бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін студент кафедраның немесе факультеттің үйлестірушісіне өтініш жазып, тапсыруы керек. Студенттердің ұсынылған тізімі ЖОО-ның жауапты үйлестірушісіне беріледі.

Іріктеудің негізгі критерийлері:

- үлгерімнің жоғары көрсеткіші (GPA);
- академиялық кезең аяқталғаннан кейінгі ағымдағы үлгерім;
- академиялық қарыздың болмауы;
- оқу тәртібін және этикалық нормаларды бұзбау;
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

8.5 Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаннан кейін білім алушыға транскрипт беріледі, онда оқу бағдарламасы туралы мәліметтер, оның оқу жетістіктерінің тарихын көрсететін әріптік және цифрлық мәндегі кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, білім алушының меңгерген пәндерінің тізбесі беріледі.

8.6 Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқу нәтижелерін университет міндетті түрде қайта есептейді.

9 ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАСАҚТАУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

9.1 Қос дипломдық бағдарламалар – серіктес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығы мен үндестірілуіне негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

9.2 Қос дипломды білім беру бағдарламалары екі серіктес ЖОО арасындағы келісім негізінде жасақталады.

9.3 Қос дипломды білім беру бағдарламалары келісім негізінде университетішілік, университет пен серіктес ЖОО арасында да жүзеге асырылуы мүмкін.

9.4 Қос дипломды білім беру бағдарламаларды әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС талаптары, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары және серіктес ЖОО-ның талаптары ескеріледі.

9.5 Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға дәреже беру

туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және екі транскрипт немесе келісімдерге негізделген бір бірлескен диплом беріледі.

Қосдипломды білім беру бағдарламасы туралы ереже.

<http://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/10/18/9-ru-1.pdf>

10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Жоғары білім «бакалавр» дәрежесі берілген кадрларды даярлауға бағытталған.

10.2 Оқыту нәтижелері бірінші деңгейдегі Дублиндік дескрипторлар (бакалавриат) негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқу нәтижелерінде көрсетілген құзыреттер арқылы көрсетіледі. Оқыту нәтижелері бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де қалыптасады.

10.3 Дублин дескрипторлары оқытудың бес негізгі нәтижесіне негізделген:

- білім және түсіну;
- тәжірибеде білім мен түсіну қабілетін пайдалану;
- пайымдау, идеяларды бағалау және тұжырымдарды тұжырымдау қабілеті;
- қарым-қатынас саласындағы дағдылар;
- оқыту саласындағы дағдылар.

10.4 Оқыту нәтижелері бұл білім алушылардың білім, білік, дағды, қабілет, құзыреттілік тілінде көрсетілген және оқу кезеңі, модуль, оқу пәні аяқталғаннан кейін білім алушының нені көрсете алатындығын сипаттайтын *күтілетін және өмішенетін* нақты жетістіктері.

11. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

11.1 Ережені университет ректоры Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

11.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

11.3 Өзгеріс болған жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова